

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ — МАЗМҰНЫ

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.03.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/92867/>

Жаңартылған білім — қазіргі заман талабы. Осы жаңартылған білім арқылы біз көптеген жетістікке жете аламыз. Бұл біздің болашаққа жоғары білімді ел болу үшін, жасаған қадамдарымыздың бірі. XXI ғасыр — ақпараттар мен технологиялар заманы. Бұл заманда көп, терең білім алған адамдар сұранысқа ие. Бұрынғы заманда хат таныса сауатты деп танылды, қазір «сауаттылық» тек хат тану емес, жан-жақты терең білімнің иесі болу. “Болашақ жастардың қолында”- демекші, мемлекетіміз мықты болу үшін, мектеп қабырғасында оқып жүрген жас ұрпақты жаңа өмірге бейімдеп шығару бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының басты талабы болып отыр. Менің ойымша жаңартылған білімнің зиянынан, пайдасы көп. Қазір қоғам бұл білім мазмұнына толық үйренгенше, әртүрлі пікірлерге бөлінуде. Жаңалық басында қиындық туғызса да, болашақта жеміс әкелетіні анық. “Білім-инемен құдық қазғандай”, — білім алу үшін үнемі тың ізденістер керек, жаңа сұрлеу қажет. Қазіргі заманға сай білім алуға, барлық жағдай жасалған.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаңа жолдауында білім берудің жаңа сапасына айырықша мән берген. «Білім берудің жаңартылған мазмұнға көшуі-мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты»- деп, алдымызға жаңа міндеттер жүктейді.

Жаңартылған білім мазмұнының ең басты ерекшелігі -бірінші сыныптан бастап балалардың үш тілде оқулары. «Біреулеріне бір-ақ тілде оқу қиындау болса, енді үш тілді де жетік меңгерулері керек. Олардың кішкентай ғана бастарына осынша көп мәлімет алып, қалай әсер ететіні беймәлім»- деген пікірлерге менің уәжім бар. Бала кішкентай кезінде, жұмсақ ақ мақта сияқты. Олар барлық нәрсені жылдам қабылдап, сіңіруге дайын тұрады. Соның ішінде олардың тіл үйренуге бейімділігі өте басым келеді екен. Міне сондықтан да осы кезеңді сәтті ұйымдастыру жаңартылған білім жүйесінде қарастырылған.

Жаңартылған білімде балаларға баға қойылмайды. Олар тек қана әрбір тесттен кейін қорытынды бағаларын алады. Меніңше, бұл өте дұрыс, себебі, бала әр күн сайын

мектепте қандай баға аламын деген қорқыныш сезімімен келеді. Ал қазір оларды батылдық пайда болды. Апай күнделікті бағыт қана беріп, сол арқылы олар күнде дайындалып, сабақтарын нық сеніммен айта алады. Алдағы өмірде мұның әсері жақсы болмақ. Яғни балалар өздерінің қажеттіліктері үшін оқиды, дұрыс оқымаса, қорытынды бағалар төмендеп кетеді. Бұдан біз балалардың білімге деген жауапкершілігінің артатынын байқаймыз.

“Білім басы бейнет, соңы зейнет” -дегендей басы әрқашанда қиындау болғанымен жаңалыққа адамның жаны құмар емес пе? Бұл бетбұрыс білім саласына жаңа серпін әкелді деп айта аламыз. Елбасымыз Қазақстанның халқы, жастары білімді болсын деп, көптеген жоспарлар мен әртүрлі мақсаттар қойды. Осы жаңартылған біліммен болашақта қандай мамандық иесі болатыныңды, өз еліңе қандай қызметте пайда мен жетістік әкелетініңді пайымдай алатын дәрежеге жету, өзіңе сыни тұрғыдан қарауды үйрену балаға күнделікті сабақ барысында берілуде. Осы пән бойынша оқу бағдарламаларының басты айырмашылықтарының бірі деуге болады.

Бұл менің кәсіби маман емес, оқушы ретіндегі көзқарасым. Жаңартылған білім мазмұны-жетістіктің кілті. Осы кілт арқылы біз жарқын болашақтың есігін ашпақпыз. Келешекте білім мазмұндары терең елдердің қатарында тұрып, ең сауатты ел атануымыз- басты мақсатымыз.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.